

Масариктің Ресейде болуы және еркін республика үшін дүниежүзілік саяхаты

Пребывание Масарика в России и кругосветное путешествие за свободную республику



Томаш Гарриг Масарик
(1850 жылғы 7 наурыз – 1937 жылғы 14 қыркүйек)

Чех философы, әлеуметтанушысы, педагогы, саясаткері және мемлекеттік қайраткері, Чехословакия Республикасының негізін қалаушысы және тұңғыш президенті болды. Годонин қаласында дүниеге келіп, Вена мен Лейпцигте білім алды. Сол жерде ол америкалық Шарлотта Гарригпен танысып, 1878 жылы оған үйленді. Ол жұбайының тегін өз тегімен біріктірді, бұл сол кездегі

Еуропада айтарлықтай сирек құбылыс еді. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде шетелдегі қарсылық қозғалысын басқарып, чехтер мен словактар үшін тәуелсіз мемлекет құру күресіндегі басты тұлғаға айналды. 1917–1918 жылдары Ресейде болып, чехословакия легиондарын ұйымдастырды және оларды Батыс майданына жіберуге ұмтылды. 1918 жылы Америка Құрама Штаттарына барып, президент Вудро Вильсонмен кездесіп, Чехословакия құру идеясын қолдауға қол жеткізді. АҚШ және оның демократиялық құндылықтары оған маңызды шабыт көзі болды. 1918 жылы республика жарияланғаннан кейін ол президент болып сайланып, 1935 жылға дейін осы қызметте қалды. Өзінің беделі, моральдық қағидаттары және табанды дипломатиялық қызметінің арқасында ол чехословакия демократиясының символына және әлемдегі танылған моральдық беделге айналды. 1937 жылғы 14 қыркүйекте Ланада қайтыс болды.

Томаш Гарриг Масарик (7 марта 1850 г. — 14 сентября 1937 г.)

был чешским философом, социологом, педагогом, политиком и государственным деятелем, основателем и первым президентом Чехословацкой Республики. Родился в Годонине, учился в Вене и Лейпциге, где познакомился с американкой Шарлоттой Гарриг, на которой женился в 1878 году. Он присоединил её фамилию к своей, что в то время было в Европе весьма необычно. Во время Первой мировой войны возглавил зарубежное сопротивление и стал ключевой фигурой в борьбе за создание независимого государства чехов и словаков. В 1917–1918 годах находился в России, где организовывал чехословацкие легионы и стремился к их переброске на Западный фронт. В 1918 году он отправился в Соединённые Штаты Америки, где встретился с президентом Вудро Вильсоном и заручился поддержкой идеи создания Чехословакии. США и их демократические ценности стали для него важным источником вдохновения. После провозглашения республики в 1918 году он был избран её президентом и оставался на этом посту до 1935 года. Благодаря своему авторитету, нравственным принципам и настойчивой дипломатической деятельности он стал символом чехословацкой демократии и признанным моральным авторитетом в мире. Скончался 14 сентября 1937 года в Ланах.

Масариктің Ресейдегі миссиясы (1917–1918)

Масарик 1917 жылдың мамырында, Ақпан және Қазан төңкерістері арасындағы кезеңде, Ресейге келді. Оның мақсаты — әскери тұтқындар мен отандастардан Антанта жағында соғысатын қуатты чехословакия армиясын құру болды. Масарик Уақытша үкіметтің сыртқы істер министрі Павел Николаевич Миллюковпен жақын және сенімді қарым-қатынас орнатты. Ол біртіндеп әскери тұтқындар лагерлерін аралап, әскерге қабылдау жұмыстарын ұйымдастырды, Ресей билігімен келіссөздер жүргізді және тәуелсіз чехословакия мемлекетін құру идеясын ілгерілетті. Ресейде ол шамамен бір жыл болды, негізінен Киевте, Петроградта, Мәскеуде, сондай-ақ басқа да қалаларда. 1917 жылдың күзіне қарай большевиктік төңкерістен кейін жағдай күрт қиындады — жаңа үкімет бастапқыда Чехословакия ұлттық кеңесін ресми түрде мойындағанымен, кейінірек легиондарды қарусыздандыруға әрекет жасады. 1918 жылдың наурызында қол қойылған Брест-Литовск бейбіт шарты қосымша қауіп төндірді: чехословакия легиондарын Германияға тапсыру көзделді. Осы жағдайда Масарик Ресейден кетуі керек екенін түсінді.



Масарик Бобруйскідегі чехословакия батальонына сапары кезінде (1917 жылғы шілде)
Масарик во время посещения чехословацкого батальона в Бобруйске (июль 1917 года)

1918 жылдың 7 наурызында, өзінің 68 жасқа толған күнінде, Масарик Мәскеуден шығып, Транссібір теміржолы арқылы жарты әлемді кесіп өтетін ұзақ сапарға — Америка Құрама Штаттарына аттанды. Хаосқа толы Ресей арқылы өткен жолын ол легионерлермен кездесіп, олардың ары қарай жылжуын үйлестіруге пайдаланды. 15 наурызда ол қазіргі Солтүстік Қазақстан аумағында орналасқан Петропавл қаласындағы маңызды теміржол станциясына келіп, одан әрі шығысқа қарай Владивостокқа жол тартты. Сол жерден Жапонияға жүзіп өтіп, алғашқы дипломатиялық келіссөздерін жүргізді. Кейін Канада арқылы АҚШ-қа жетіп, 1918 жылдың мамыр айында Чикагодағы чех диаспорасы оны зор ықыласпен қарсы алды және ол АҚШ үкіметімен маңызды келіссөздер өткізді. Оның күш-жігері Чехословакия ұлттық кеңесінің болашақ мемлекеттің өкілі ретінде халықаралық деңгейде мойындалуына алып келді. Масариктің бұл сапары Чехословакияның тәуелсіздігін мойындауға апаратын жолдағы маңызды қадам болды. Бар деректерге қарағанда, Масарик — қазіргі Қазақстан аумағына табан тіреген жалғыз Чехословакия президенті (ол кезде әлі болашақ мемлекет басшысы болатын). Бұл — халықтарымызды тоғыстыратын үлкен тарихи оқиға және оны есте сақтаудың орынды тәсілдерінің бірі — Петропавлдағы ескі вокзал ғимаратына ескерткіш тақта орнату.

Миссия Масарика в России (1917–1918)

Масарик прибыл в Россию в мае 1917 года, в период между Февральской и Октябрьской революцией. Его целью было создание сильной чехословацкой армии из военнопленных и соотечественников, которая бы сражалась на стороне Антанты. Масарик поддерживал близкие и доверительные отношения с Павлом Николаевичем Милюковым, министром иностранных дел Временного правительства Керенского. Он постепенно посещал лагеря военнопленных, организовывал вербовку, вел переговоры с российскими властями и продвигал идею создания независимого чехословацкого государства. В России он провёл почти год, преимущественно в Киеве, Петрограде, Москве, а также в других городах. После большевистского переворота осенью 1917 года ситуация резко осложнилась — новое правительство сначала формально признало Чехословацкий национальный совет, но впоследствии попыталось разоружить легионы. Брест-Литовский мир, подписанный в марте 1918 года, стал дополнительной угрозой: предполагалось, что чехословацкие легионы будут выданы Германии. В этой ситуации Масарик понял, что должен покинуть Россию. 7 марта 1918 года, в день своего 68-летия, Масарик покинул Москву и отправился по Транссибирской магистрали в долгое путешествие через полмира — в Соединённые Штаты. Путь через охваченную хаосом Россию он использовал для встреч с легионерами и координации их дальнейшего передвижения. 15 марта он прибыл на важную железнодорожную станцию в Петропавловске, расположенном на территории современного Северного Казахстана, откуда продолжил путь на восток до Владивостока. Оттуда он отплыл в Японию, где провёл первые дипломатические переговоры. Затем через Канаду добрался до США, где в мае 1918 года был с энтузиазмом встречен чешской диаспорой в Чикаго и провёл ключевые переговоры с американским правительством. Его усилия привели к международному признанию Чехословацкого национального совета в качестве представителя будущего государства. Путешествие Масарика стало важным шагом на пути к признанию независимости Чехословакии. Согласно имеющимся данным, Масарик, вероятно, остаётся единственным чехословацким президентом (на тот момент будущим), который физически ступил на территорию нынешнего Казахстана. Это исторически значимое событие, связывающее наши народы, безусловно заслуживает увековечения — например, в виде мемориальной доски на здании старого вокзала в Петропавловске.